

# CX 15

# Ceresit

## МОНТАЖДЫҚ ҚОСПА

**Құрылыс элементтері арасында анкерлеуге және саңылауларды толтыруға арналған жоғары берік тез қататын цемент қоспасы**

### ҚАСИЕТТЕРІ

- жоғары төзімді;
- отырмайды, қатаю кезінде төмен кернеуді тудырады;
- суға- және аязға төзімді;
- аққыштығы жоғары;
- цемент және болат беттерге жоғары жабысқақтығы бар;
- құрамында хлоридтер жоқ;
- арматураның жемірілуін тудырмайды;
- тұздардың әсеріне төзімді;
- ішкі және сыртқы жұмыстарға жарамды;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

### ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

CX 15 монтаждық қоспасы:

- ені 20-50 мм бетон элементтері арасында саңылауларды толтыруға;
- бетондағы тесіктер мен шұңқырларды толтыруға;
- жабдықтар мен ауыр конструкцияларды бекіту кезінде анкерлік құрылғыларды және іргелі бұрандаларды орнатуға;
- бетон және темірбетон конструкцияларда салмалы элементтер мен металл бұйымдарды бекітуге;
- кірме рельстерді, шығарылатын мойынтіректердің тіреулерін, білдектердің іргелерін, арқалық тіреулерді және т.б. құюға арналған.

Ені 50-100 мм саңылауларды толтыру кезінде CX 15 монтаждық қоспасына қосымша екшемі 4-8 мм өлшенетін шағылтастың 25% енгізу керек (25 кг құрғақ қоспаға ~ 6 кг шағылтас).

Қалың қабатты конструкцияларды дайындаған кезде CX 15 қоспасына қосымша 25 кг құрғақ қоспаға 7,5-10 кг көлемінде ірілігі 32 мм дейін шағылтасты енгізеді.

### НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіздерді дайындау ҚНЖЕ 3.04.01-87 сәйкес жүзеге асырылады.

Негіз қатты, таза, кедір-бұдыр болуға тиіс, оның көтергіш қабілеті жеткілікті және ашық тесіктері болуға тиіс. Негіздің бетін шаңнан және май, олифа, мастика және т.б. сияқты оған монтаждық цементтің жабысуына кедергі жасайтын заттардан мұқият тазарту қажет. Негіздің осал және борпылдақ учаскелерін механикалық жолмен жою қажет.

Жұмыстар басталғанға дейін 2 сағат қалғанда бетон негізді бетінде ашық судың пайда болуына жол бермей толық қаныққанға дейін ылғалдандыру керек.



### ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

CX 15 ерітінді қоспасын дайындау үшін дәл өлшенген таза су көлемін алады (+15-тен +20°C дейін). Қоспаға су қосады (25 кг құрғақ қоспаға 2 литр есеппен) және түйірлері жоқ біртекті массаны алуды көздеп араластырады. Араластыруды бетон араластырғышта немесе төмен айналымдық механикалық араластырғышты пайдаланумен жүргізеді. Сосын 25 кг құрғақ қоспаға тағы ~ 1 литр су қосады да 5 минут ішінде араластырады. Ерітінді қоспасы дайындалған сәтінен бастап 60 минут ішінде жұмсалуға тиіс.

Анкерлеу кезінде салмалы элемент пен толтырылатын қуыстың қабырғалары арасындағы ені саңылаудың барлық нүктелерде  $\geq 20$  мм болғанын қадағалау қажет.

Төселген ерітінді қоспасын 48 сағат ішінде кеуіп кетуден қорғау керек.

Ерітінді қоспасының кеппеген қалдықтарын судың көмегімен, ал кеуіп кеткендерді - тек механикалық әдіспен жоюға болады.

### ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды ауаның және негіздің температурасы +5-тен +30°C дейін болған кезде орындау керек. Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар +20°C қоршаған орта температурасы кезінде және 60% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде дұрыс болады. Басқа жағдайларда материалдың қатаю уақыты және беріктігін жинау жылдамдығы өзгеру мүмкін.

Толтырғыштың сапасы цемент тасының түпкілікті беріктігіне әсер ететінін ескеру қажет, сондықтан толтырғышта балшықты, сазды және басқа қосындылардың болуына жол берілмейді.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** CX 15 басқа тұтқырлағыш заттармен және түрлендіргіш үстемелермен араластыруға болмайды.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** CX 15 қоспасына толтырғыштарды енгізу ерітіндінің беріктігін төмендетуіне келтіреді.

Құрғақ қоспаның жаңартылған формуласының құрамында цементте

Henkel

Качество для Профессионалов

бар терінің желінуін және тітіркенуін болдырмайтын белсенді заттарды бейтараптандыратын үстемелер бар. Жұмыс кезінде жеке қорғану құралдарын (көзілдірікті, қолғапты) қолдану қажет. Ерітінді қоспасы кезге түскен жағдайда оны дереу сумен жуып дәрігерге көріну керек.

## ЕСКЕРТУЛЕР

Материалды қолдану тәсілдері туралы жоғары берілген ақпараттан басқа, онымен жұмыс істеген кезде цемент материалдармен жұмыс істеу бойынша жалпы нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек.

Келтірілген сипаттамалар практикалық тәжірибеге және пайдалану-техникалық сынақтарға негізделген.

Дайындаушы материалды дұрыс пайдаланбау үшін, сондай-ақ оны мақсаты бойынша немесе осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған жағдайларда қолданбау үшін жауапкершілік көтермейді.

Материалды нақты қолдану мүмкіндігіне күмән болған кезде оны жеткілікті мөлшерде өздігінен сынау немесе өндірушіге кеңес алу үшін жүгіну керек.

Жоғары берілген ақпарат, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін.

Осы техникалық сипаттама пайда болған сәттен бастап барлық алдағы сипаттамалар жарамсыз болады.

## САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада сақтау мерзімі - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Өнім ылғалмен белсенді әрекеттеседі және сондықтан ашылған қаптамадан шығарылған материалды мүмкіндігінше тезірек жұмсау керек.

## ҚАПТАМА

CX 15 монтаждық қоспасы 25 кг қағаз қаптарда жеткізіледі.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

СХ 15 құрамы:	минералды толтырғыштары және түрлендіргіштері бар цементтер қоспасы
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	~ 1,5 кг/дм <sup>3</sup>
Араластыратын судың мөлшері:	25 кг құрғақ қоспаға ~ 3 л
Ерітінді қоспасының тығыздығы:	~ 2,1 кг/дм <sup>3</sup>
Тұтыну уақыты:	~ 60 минут
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Қысымдауға беріктігі: 24 сағаттан кейін 3 тәуліктен кейін 7 тәуліктен кейін 28 тәуліктен кейін	≥ 25 МПа ≥ 35 МПа ≥ 40 МПа ≥ 55 МПа
Иілген кезде созылуға беріктігі: 24 сағаттан кейін 3 тәуліктен кейін 7 тәуліктен кейін 28 тәуліктен кейін	≥ 3,8 МПа ≥ 6,5 МПа ≥ 7,8 МПа ≥ 8,5 МПа
Бетонға жабысқақтығы:	≥ 1,5 МПа
Аязға төзімділігі:	≥ 300 цикл
Арматуралық болатқа әсер ету:	арматураның жемірілуін тудырмайды
СХ 15 шығыны:	толтырылатын көлемнің ~ 1,8-2,0 кг/дм <sup>3</sup>